


**Бастауыш, негізгі және орта
мектеп директорларына!**

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 12.03.2026 жылғы №1082 шығыс хатын назарларыңызға жолдайды.

Аталған хатты басшылыққа алуды сұрайды.

Қосымша 2 бет

Басшының м.а



Б.Самылтыров

орындаған Н.Нұрбек

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

080012, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 35
тел.: 43-88-05, факс: 43-89-20.
E-mail: bilim-jambyl@yandex.kz

080012, город Тараз, пр. Төле би, 35
тел.: 43-88-05, факс: 43-89-20.
E-mail: bilim-jambyl@yandex.kz

12.03.2026 ж. № 1082

Аудандар мен Тараз қалалық
білім бөлімдеріне

Басқармаға қарасты білім беру
ұйымдарының басшыларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 10.03.2026 жылғы №5-08-4/1813-И хатына сәйкес төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (бұдан әрі – Бұйрық) 9-2) тармағына сәйкес, бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын баланың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуір (таңғы сағат 9:00 ден бастап) мен 31 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

«Бірінші сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметі бойынша өтініштер «Электрондық үкімет» порталы арқылы қабылданып, өтініштер қызмет берушілермен «ҚР ОМ Мемлекеттік қызметтерін автоматтандыру» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - Жүйе) арқылы ғана орындалады.

Осыған орай, «Бірінші сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметін «Электрондық үкімет» порталында өзектендірілген мектептер тізімі бойынша көрсету үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан 2-қосымшамен қоса берілген кестеге мектептер тізімін а.ж. 11 наурызына дейін өзектендіріп жіберулеріңіз қажет.

Жаңадан ашылған ұйымдар болған жағдайда білім беру мекемесінің жауапты мамандары, «Кері байланыс» формасына хатпен қоса берілген 1-қосымшаға сәйкес, «ұйымды қосуыңызды сұраймын» деп көрсете отырып, толықтай толтырып жіберуі қажет.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КІРІС № 595

13.03 2026 ж.

Бұдан басқа, «Бірінші сыныпқа қабылдау» мемлекеттік қызметін білім беру ұйымдарымен Жүйеде сапалы, уактылы орындау үшін білім беру ұйымдарының өтінішті қабылдауға жауапты қызметкерлердің, қол қоятын басшылардың Жүйедегі есептік жазбаларын жаңарту, қажет болған жағдайда жаңадан пайдаланушыны жүйеге енгізу бойынша жұмыстар жүргізілу қажет. Жаңа пайдаланушыны қосу немесе жазбаны жаңарту үшін Жүйенің бастапқы бетінде көрсетілген «кері байланыс нысанына» жазу қажет.


Сонымен қатар, «Ұлттық білім беру деректер қоры» АЖ (бұдан әрі – ҰБДҚ АЖ) мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау кезінде баланы қабылдауға өтініш берген ата-аналардың тұрақты тіркелу орнына сәйкес аумақтық қызмет көрсету (шағын учаске) бойынша мектеп автоматты түрде айқындалатындығын хабарлаймыз. ҰБДҚ АЖ шағын учаске бойынша үйлердің мекенжайларын мектепке бекіту үшін «Шағын учаске» модулі және үйлердің мекенжайларын тарту үшін «Мекенжай тіркелімі» мемлекеттік дерекқорымен (бұдан әрі – МЖ МДҚ) интеграциясы іске асырылған болатын.

Осы ретте, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 27-бабының 21-2) тармағына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігі «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесін жүргізуді және толықтыруды қамтамасыз етуі қажет.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты **а.ж. 17 наурызы мерзімінен кешіктірмей** білім бөлімдерінің бұйрығында көрсетілген үйлердің мекенжайларын қамтамасыз етуді сұраймыз.

Қосымша кестелер тіркеледі.

Басшының орынбасары



Л.Кзылкулова

Орын: А.Досыбаева
Тел: 43-88-37